**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің және Қазақстан Республикасы Көлік министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2026 жылғы 17 шілдедегі № 183 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 17 шілдеде № 39340 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің және Қазақстан Республикасы Көлік министрінің міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Көлік министрі* — *Н. Сауранбаев*

КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі

2026 жылғы 17 шілдедегі
№ 183 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің және Қазақстан Республикасы Көлік министрінің міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық зерттеп-қарау жөніндегі жұмыстарды іске асыру мен қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 17 қазандағы № 725 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14443 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу , күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық зерттеп-қарау жөніндегі жұмыстарды іске асыру мен қаржыландыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық зерттеп-қарау жөніндегі жұмыстарды іске асыру мен қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу , күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық зерттеп-қарау жөніндегі жұмыстарды іске асыру мен қаржыландыру тәртібін айқындайды.";

5-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСҚ) – Қазақстан Республикасының Құрылыс кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) тиісті талаптарын, сондай-ақ құрылысты ұйымдастыру және жүргізу, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру үшін сметалық есеп-қисаптарды қамтитын жобалау құжаттамасы. Құрылыс жобаларына құрылыс объектілерін консервациялау және кейіннен кәдеге жарату жобалары да жатады;";

5-тармақтың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"21) сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) – "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына ( бұдан әрі - Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы заң ), Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес тапсырыс беруші мен мердігер арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;";

5-тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"23) тапсырыс берушілер – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар, сондай-ақ Заңға сәйкес қызметін жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері;";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тапсырыс беруші Кодекске және "Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10795 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидалары), сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау жөніндегі жобаларды іске асыруды жүзеге асырады.

7. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын, оның ішінде сенімгерлік басқаруға берілген автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды іске асыру Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы заңына сәйкес мердігерді айқындау жөніндегі тендерлік рәсімдерді жүргізу жолымен жүзеге асырылады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тендерлік рәсімдерді өткізу, әлеуетті мердігерлерді (өнім берушілерді) айқындау, шарт жасасу процесі Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Тапсырыс беруші Кодекске және Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларға, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау, орташа, ағымдағы жөндеу, күтіп ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық зерттеп-қарау жөніндегі жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырады.";

98-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"98. Мердігер есепті айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірмей, орындалған жұмыстардың актілерін, оларға қоса берілетін атқарушылық-техникалық құжаттаманы, аралық төлем сертификаттарын және шартқа сәйкес Тапсырыс беруші айқындайтын өзге де құжаттарды электрондық цифрлық қолтаңба кілттерімен қол қойылған түрде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы e-Qurylys.kz цифрлық жүйесі арқылы Тапсырыс берушіге ұсынады. Тапсырыс беруші Мердігер ұсынған құжаттарды толық көлемде алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды қарайды және қол қояды. Құжаттарға қол қоюдан бас тартылған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге ұсынылған құжаттардағы жойылуға тиіс кемшіліктерді көрсете отырып, жазбаша негізделген бас тартуды жолдайды. Мұндай кемшіліктер жойылғанға дейін орындалған жұмыстарды қабылдау актілеріне Тапсырыс беруші қол қоймайды, ал жұмыстар орындалмаған болып есептеледі.".

2. "Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 371 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18803 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру және "Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу", "Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар

көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабына сәйкес әзірленді және халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру тәртібін айқындайды." ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "Сыртқы ( көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметке осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтінішті және сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі эскизінің электрондық көшірмесін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Сыртқы ( көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – 1-тізбе) 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынған кезде, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе қызмет алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңында жазылған.

8. "Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып , өзге де талаптар 1-тізбеде жазылған.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Қызмет алушы 1-тізбенің 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады және

көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында қызмет алушының "жеке кабинетіне" хабарлама жолдайды.";

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"13. 1-тізбенің 10-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізудің уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметке осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтінішті және сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі эскизінің электрондық көшірмесін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес "Сыртқы ( көрнекі) жарнама объектілерін облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – 2-тізбе) 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынған кезде, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе қызмет алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруға қойылатын негізгі талаптар тізбесі "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңында баяндалған.

16. "Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыруды келісу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың

тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар 2-тізбеде жазылған.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Қызмет алушы 2-тізбенің 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында қызмет алушының "жеке кабинетіне" хабарлама жолдайды.";

21-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"21. 2-тізбенің 10-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізудің уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

23 -тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы тізбеге 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын байланыс және электр беру арналарының, желілерінің, мұнай құбырларының, газ құбырларының, су құбырларының және теміржолдардың, басқа да инженерлік желілердің, коммуникациялардың кесіп өтуін жобалау үшін, сондай-ақ кірме жолдарды және халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына жалғасатын жолдарды салу үшін техникалық шартты беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 292 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20658 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын байланыс және электр беру арналарының , желілерінің, мұнай құбырларының, газ құбырларының, су құбырларының және теміржолдардың, басқа да инженерлік желілердің, коммуникациялардың кесіп өтуін жобалау үшін, сондай-ақ кірме жолдарды және халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына жалғасатын жолдарды салу үшін техникалық шартты беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының арналармен, байланыс және электр беру желілерімен, мұнай құбырларымен, газ құбырларымен, су құбырларымен және темір жолдармен, басқа да инженерлік желілермен, коммуникациялармен қиылысуына жобалау үшін, сондай-ақ халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына кірме жолдар салу және оларға жанасу үшін техникалық шартты беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабына сәйкес әзірленген және халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының арналармен, байланыс және электр беру желілерімен, мұнай құбырларымен, газ құбырларымен, су құбырларымен және темір жолдармен, басқа да инженерлік желілермен, коммуникациялармен қиылысуына жобалау үшін, сондай-ақ халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына кірме жолдар салу және оларға жанасу үшін техникалық шартты беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметке осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтінішті және жобалау үшін құжат эскизінің электрондық көшірмесін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынған кезде, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе қызмет алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

Халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын байланыс және электр беру арналарының, желілерінің, мұнай құбырларының, газ құбырларының, су құбырларының және теміржолдардың, басқа да инженерлік желілердің, коммуникациялардың кесіп өтуін жобалау үшін, сондай-ақ кірме жолдарды және халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына жалғасатын жолдарды салу үшін техникалық шартты беруге қойылатын негізгі талаптар тізбесі "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында жазылған.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" хабарлама жібереді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді Заңда белгілеген тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

12-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

1 және 2-қосымшалар осы тізбеге 5 және 6-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 29 тамыздағы № 286 бұйрығына

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36755 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын жүргізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидалар Кеден одағының "Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінде (КО ТР 014/2011), "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32783 болып тіркелген) бекітілген "Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінде (бұдан әрі – Техникалық регламент), Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексінде (бұдан әрі – Кодекс), "Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және жол активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 56 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9176 болып тіркелген) (бұдан әрі – Сыныптама), және ерікті түрде қолданылатын стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу, сондай-ақ автомобиль жолдарын салу жөніндегі технологиялық, инфрақұрылымдық және басқарушылық процестер кешенінің сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қағидалар жол қызметінің барлық қатысушылары үшін ақпараттық платформаны ашық және дәйекті түрде толықтыруды қамтамасыз ету мақсатында жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасын құру, оны толықтыру және өзектендіру мәселелерін реттейді.";

4 -тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор Заңда белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам (бұдан әрі – "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ);";

4 -тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығы – жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу, жол активтерін басқару, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі функциялар, сондай-ақ автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу, жаңа технологияларды енгізу және тәжірибелік учаскелерді қолдау жөніндегі функциялар жүктелген, автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның

қарамағындағы заңды тұлға (бұдан әрі – "ЖАСҰО" ШЖҚ РМК) және оның филиалдары;";

4 -тармақтың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасы (бұдан әрі – бірыңғай база) – жол саласындағы уәкілетті органның жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялар туралы ақпаратты қамтитын цифрлық жүйесі;";

4 -тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"23) сынақ/пилоттық телімдерді зерттеу – пайдаланудың және қоршаған ортаның әсерінен олардың жай-күйінің ықтимал антропогендік өзгерістерін бақылау, мониторингтеу, бағалау және болжау жүйесі Сыныптамаға сәйкес жүзеге асырылады;";

6 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жаңа материалдар мен технологиялар тізілімінен өнімді жобаға енгізер алдында жобалардың тапсырыс берушілері ретінде жергілікті атқарушы органдар және "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ жол төсемінің конструктивтік қабаттарын (топырақтарды, қиыршық тасты, қиыршық тас-құм қоспаларын, құм-қиыршық тас қоспаларын, құрылыс құмын, ұсату електерінің елеуінен алынған құмды және басқа да материалдарды) салуға арналған таңдалған өнімге (тұрақтандырғыштардың, модификаторлардың, полимерлердің, адгезиялық және өзге де қоспалардың, химиялық және органикалық қоспалардың және басқалардың) зертханалық сынақтар жүргізуге бастамашылық етеді және зертханалық сынақтардың нәтижелерін "ЖКАСО" ШЖҚ РМК-ға және "ҚазжолҒЗИ" АҚ-ға жолдайды.";

24 -тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасында өнімді қолдану тәжірибесі (автомобиль жолдары саласында қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің, "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ, "ЖАСҰО" ШЖҚ РМК пікірлері);";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Өнімді апробациялау нәтижелерін объективті бағалауды қамтамасыз ету мақсатында Техникалық кеңес отырысының шешімі негізінде тәжірибелік учаскеде мынадай құрамда апробациялық комиссия құрылады: тиісті тәжірибелік учаскені басқару құзыретіне кіретін уәкілетті органның өкілі (оның ішінде автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператордың, жолаушылар көлігі және көлік инфрақұрылымы басқармасының немесе жергілікті атқарушы органның өкілі), "ЖАСҰО" ШЖҚ РМК өкілі, сондай-ақ ғылыми-техникалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымның өкілі. Өтінім беруші және тәжірибелік учаскеде жұмыстарды жүзеге асыратын мердігер ұйымның өкілі апробациялық комиссияның құрамына кірмейді, алайда тәжірибелік учаскеде апробация жүргізу және оның нәтижелерін қарау кезінде қатысуға құқылы.";

46-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: "46. Техникалық кеңес мүшелерінің 50 %-дан астамы дауыс берген жағдайда материалға "Жасыл" мәртебе

беріледі. 50 % немесе одан аз дауыс жиналған жағдайда, өнімнің тиімділігін растайтын қосымша дәлелдер болған кезде, жол органымен алдын ала келісу арқылы және кемінде 2 ай өткен соң, "Жасыл" мәртебе беру мәселесі Техникалық кеңестің келесі отырысында қайта қаралады.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

